

2018 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 413 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 3619 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабы 7), 8) тармақшаларына, 27-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес Т.Рысқұлов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Т.Рысқұлов ауданы бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдарда 2018 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің жалпы санынан квоталар 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. "Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2018 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нәлібаев Иззатулла Ермекбайұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Қрыкбаев

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 24 қарашадағы
№ 413 қаулысына 1-қосымша

2018 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

		Белгіленген квота мөлшері
--	--	---------------------------

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлер саны (адам)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар	
			Жұмыскер-лердің тізімдік санынан%	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1.	"Шаушен" шаруа қожалығы	127	1%	1
	Барлығы:	127		1

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 24 қарашадағы
№ 413 қаулысына 2-қосымша

2018 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлер саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері	
			Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан%	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1.	"Шаушен" шаруа қожалығы	127	1%	1
2.	"Тұлпар" шаруа қожалығы	5	20%	1
	Барлығы:	132		2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК